

"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы № 926 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 1577 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы № 926 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., № 24 , 217-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақылар, жәрдемақылар төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) әлеуметтік жеке кодтар беру;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндетті зейнетақы журналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және міндетті зейнетақы журналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру;

4) салымшының зейнетақы төлемдерін алу құқығына болжамды инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізген міндетті зейнетақы журналарының мөлшерін келесі қаржы жыл дау ;

5) міндетті зейнетақы журналарын дербестендірілген есепке алу;

6) міндетті зейнетақы журналарын және (немесе) өсімпұлды агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару, зейнетақы журналарының артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) олар бойынша өсімпұлды агенттерге қайтару;

7) міндетті зейнетақы журналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаспаған және (немесе) әлеуметтік жеке код беру туралы куәлігі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген тұлғалардың міндетті зейнетақы журналарын агентке қайтару ;

8) жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жинақтарын аудару туралы электронды хабарламаларды жіберу және салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы журналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуды жүзеге асыру;

9) салымшы (алушы) міндетті зейнетақы журналары есебінен зейнетақымен

қамсыздандыру туралы шартты жылына екі рет жасасқан жағдайда, сондай-ақ « Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 45-2-бабының 4-1-тармағында белгілengen жағдайда міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың мәліметтерін бірыңғай тізімге енгізуден бас тар туды ресімдеу;

10) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аудару кезінде туындаған жинақтаушы зейнетақы қорларының міндettемелері бойынша өзара есеп айрысу;

11) агенттердің Орталық есебіне аударған және Орталықтан агентке қайтарылған міндettі зейнетақы жарналарының сомалары бойынша тізілімдерін қалыптастыру және салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға табыс ету ;

12) Орталықтан зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың орталықтандырылған міндettі зейнетақылар, жәрдемақылар, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылар істерінің макеттерін қалыптастыру ;

13) зейнетақылар, жәрдемақылар, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру және оларды дербестендірілген есепке алу ;

14) міндettі зейнетақы жарналарын және (немесе) міндettі зейнетақы жарналарын аударуды кешіктіргені үшін өсімпұлды бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару ;

15) міндettі зейнетақы жарналарын және (немесе) олар бойынша есімпұлды есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша агенттермен және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен өзара іс-қимыл жасау ;

16) орталық атқарушы органынан бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру ;

17) Қазақстан Республикасы заңнамасының зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын ескере отырып, жеке және занды тұлғаларға Орталықтың қызмет түрлері бойынша ақпараттық қызметтер ұсыну ;

18) міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышылардың міндettі әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алу және олардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру ;

19) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан әлеуметтік төлемдердің үйимдастыру ;

20) құжаттар қабылдау, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер тағайындауға, қайта есептеуге арналған істер макеттерін қалыптастыру

мәселелері бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілдегі органмен
өзара жасау ;

21) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-қүйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Орталықтың қызмет түрлеріне сәйкес міндепті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға ақпараттық қызметтер ұсыну;

22) төлеушілерден түсken міндепті әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударуды, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдар сомаларын және (немесе) олар бойынша өсімпұлды төлеушілерге жүзеге асыру;

23) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталынған міндепті зейнетақы жарналарының 10 % сомасын үйимдастыру және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару;

24) төлеушілерден түсken және қайтарылған әлеуметтік аударымдардың тізілімдерін қалыптастыру және салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілдегі органға ұсыну;

25) әлеуметтік жеке код беру туралы куәлігі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген тұлғалардың әлеуметтік аударымдарының сомаларын төлеушіге қайтаруды жүзеге асыру ;

26) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қызмет түрлері болып айқындалсын . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі С. Ахметов